

**«Оқулықтардың сапасы және жалпы орта,
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын оқулықтармен
қамтамасыз ету туралы» деген тақырыпта 2015 жылғы 18 мамырда
өткен Үкімет сағатының қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Б. Сәрінжіповтің «Оқулықтардың сапасы туралы және жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын оқулықтармен қамтамасыз ету туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын оқулықтармен және ОӘК-мен уақтылы қамтамасыз етпеуге жол берген лауазымды тұлғаларға шара қолдансын.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1. Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарына (МЖБС) және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келетін барлық мектептерге арналған әрбір пән бойынша базалық (бірыңғай) оқулықтар дайындау жөніндегі мәселені пысықтасын.

2. Оқулықтардың сапасына, олардың мазмұнына, құрылымына, материалдың жазылу стиліне, ресімделуіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) сараптамасына қойылатын талаптар мен өлшемшарттарды әзірлеп, бекітсін.

3. Мемлекеттік білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі, оқулықтар мен ОӘК-дерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметті мемлекеттік монополияға жатқызуға қатысты мәселелерді пысықтасын.

4. Оқулықтарды қайта басып шығарудың негізделген өлшемшарттарын айқындап, бекітсін (жаңарту, ғылыми жаңалық ашу, қателіктер, МЖБС-ға, үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келмеуі және т.б.). Оқулықтарды «қайта басып шығару» және «таралымын қосымша көбейту» ұғымдарының аражігін ажыратсын.

5. Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ), орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары мен мектептеріне арналған оқулықтарды әзірлеу және басып шығару жөніндегі құзыреттердің мынадай деңгейлерін бекітсін:

білім беру саласындағы уәкілетті орган: МЖБС – үлгілік оқу бағдарламалары – үлгілік оқу жоспарлары – оқулық әзірлеу схемасын мүлтіксіз ұстана отырып, оқулықтың мазмұнына;

баспалар – оқулықтарды басып шығаруға жауап береді.

6. Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) мәселелерін тест жасалатын пән бойынша базалық (бірыңғай) оқулыққа сәйкес келтіру жөніндегі шараларды қабылдасын.

7. Мыналарды:

1) оқулықтар мазмұнының МЖБС мен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін;

2) оқулықтардағы материал көлемінің көзделген сағат санына сәйкес келуін;

3) баспалардың оқулықтарды басып шығару жөніндегі санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанҚмН) талаптарын сақтауын қамтамасыз етсін. Оқулықтардың басылым деректерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен міндетті келісуді көздесін.

4) оқулықтардың көлеміне, қағаздың сапасына, түптелуіне, салмағына және басқаларына қатысты, оқулықтар мен ОӘК-ге арналған СанҚмН талаптары мен нормаларын қайта қарастыруды;

5) мектептердің, ТжКБ-дің, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды дайындап, басып шығару ісін жүйелі түрде ұйымдастыруды;

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында оқулықтардың жобасын педагогика қоғамдастығы, сарапшылар, ата-аналар кеңінен талқылау үшін оны орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Оқулықтарда қате жазулар, қателер, даталар мен фактілердің екіұдай/жөнсіз баяндалуын және т.б. анықтау бойынша мұғалімдермен және педогог ұжымдармен кері байланыс тетігін, сондай-ақ оқулықтарда санамаланған қателер анықталған кезде оқу процесін жүргізу жөніндегі шаралар жүйесін пысықтасын.

9. Бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына қосымша сараптама жүргізсін.

10. Оқулықтарда анықталған кемшіліктерді, жетіспеушіліктер мен қателіктерді 2015-2016 оқу жылы басталғанға дейін жойсын.

11. Мектептерге және ТжКБ-ға оқулықтарды дайындаудың, сынамаудың және енгізудің бірыңғай жүйесін әзірлеп, іске асырсын.

12. Мынадай:

1) ТжКБ-ға, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған отандық оқулықтарды әзірлеу және басып шығару;

2) жыл сайын сараптамадан өтетін, ТжКБ-ға арналған оқулықтар атауының қажетті санын қамтамасыз ету;

3) ТжКБ, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын әрбір мамандық бойынша оқулықтардың толық кешенімен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

13. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті ұсынған, оқулықтар мен ОӘК сапасы бойынша ахуалды шолу материалдарына жүйелі талдау жүргізсін.

14. Техникалық мамандықтардың басым пәндері бойынша арнайы әдебиет, практикалық жұмыстардың жинақтарын, оның ішінде мемлекеттік тілде әзірлеуді және басып шығаруды көздесін.

15. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

1) өңірлердің оқулықтар мен ОӘК-ге қажеттіліктерін болжамдаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеп, бекіту;

2) білім беру ұйымдарын оқулықтармен және ОӘК-мен қамтамасыз ету тәртібін бекіту;

3) білім беру ұйымдарының кітапханаларын оқулықтармен және ОӘК-мен қорландырудың бірыңғай қағидаларын әзірлеп, бекіту;

4) жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқулықтар мен ОӘК-ін жеткізу мерзімдерін нақтылау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

16. Оқу әдебиеті сарапшыларын сертификаттау институтын кезең-кезеңмен енгізу мәселесін пысықтасын.

17. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп:

оқу әдебиетінде Терминология комиссиясы мақұлдаған терминдерге қолданылатын терминдерді ревизиялау жөніндегі;

оқу әдебиеті терминдері сәйкестігінің білім алушылардың психологиялық жас шамалық ерекшеліктеріне сай келуін талдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

18. Жыл сайын өңірлерді оқулықтармен қамтамасыз ету мониторингін жүргізіп, жауаптылық деңгейлері бойынша оқулықтарды сатып алуды жоспарлаудан оларды мектептерге жеткізгенге дейін оқулықтармен қамтамасыз ету жүйесіне талдау жасасын.

19. Оқулықтарды педагогиканың, жас шамасына байланысты психологияның, оқу пәндерін оқыту әдістемесінің дидактикалық қағидаттары мен ережелеріне сәйкес әзірлеу және сараптамадан өткізу жөніндегі ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырысты қамтамасыз етсін.

20. Оқулықтар мен ОӘК-нің сапасына баспалар мен авторлық ұжымдардың жауаптылығын күшейту жөніндегі мәселені пысықтасын. Оқулықтар мен ОӘК-ін сараптамадан өткізудің, сынамаалаудың, сондай-ақ оларға мониторинг жүргізу мен оларды басып шығарудың барлық сатыларының мерзімдерін қайта қарап, нақтыласын. Психологтарды, ЖОО-ның оқытушыларын, практик-мамандарды тартсын.

21. Жаңа оқулықтардың қойылатын талаптарға, өлшемшарттарға сәйкестігіне бір жыл ішінде сынамаалау жүргізсін және оның қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ақпарат ұсынсын.

22. Кітап авторларына, сарапшыларға арналған оқу курстарын ашсын. Сарапшылардың жауаптылығын күшейту жөніндегі шараларды қабылдасын.

23. Оқулықтарды әзірлеу және пысықтау кезінде қоғамдық пікірді ескеру нысандарын кеңінен қолданын.

24. Жалпы білім беретін мектептерге, сондай-ақ жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын гимназиялар мен лицейлерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды әзірлесін.

25. Оқулықтардың білім беру ұйымдарына оңтайлы түрде жеткізілу тетігі мәселесін пысықтасын.

Жергілікті атқарушы органдар:

1. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын оқулықтармен және ОӘК-мен уақтылы 100% қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

2. Бірыңғай әдістемеге сәйкес, оның ішінде халықтың көші-қоны мен өсімін ескере отырып, бюджет қаражатының көлемін жоспарлау жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

3. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне сәйкес оқулықтар сатып алуға жергілікті бюджеттен қаражаттың толық көлемде бөлінуін жүзеге асырсын.

4. Оқу процесін ұйымдастыру үшін ата-аналардың қаражаты есебінен сатып алынатын, оқушыларға арналған қажетті материалдардың (жұмыс дәптерлерінің, тарату дидактикалық материалдарының, хрестоматиялардың және басқаларының) тізбесін оңтайландырсын. Ата-аналарды материалдардың тізбесі туралы уақтылы хабардар етуді (оқу жылының соңында) қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын.

5. Оқулықтардың автоматтандырылған өңірлік дерекқорын құру мәселелерін пысықтасын, оған мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етсін.